Автор: Аманова Арай
Пән: XXI ғасыр дағдылары
Сынып: Үйренуді үйрену
Бөлім: Үйренуді үйрену
Тақырып: Цифрлық сауаттылық және жасанды интеллект

Оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтемеу):	Цифрлық қауіпсіздік ережелерін қолдану; жеке деректерді қорғау; ЖИ мүмкіндіктері мен шектеулерін анықтау; нәтижені тексеру.
Сабақтың мақсаты:	Цифрлық ортада қауіпсіз әрекет етуге, технологияны мақсатты пайдалануға және ЖИ-ге жауапты көзқарас қалыптастыру.
Тілдік мақсаттар:	Цифрлық із, жеке дерек, киберқауіпсіздік, жасанды интеллект, промпт, авторлық құқық. Қауіпсіздік ережелерін түсіндіру.
Күтілетін нәтиже:	Жеке деректерді қорғау жолдарын атайды; ЖИ мүмкіндігі мен шектеуін түсінеді; ақпаратты тексереді.
Бағалау критерийлері:	Үш қауіпсіздік ережесін атайды; ЖИ мүмкіндігі мен шектеуін түсіндіреді; дереккөзді тексеру қажеттігін негіздейді.
Құндылықтарды дарыту:	Жауапкершілік, адалдық, цифрлық этика, қауіпсіздік, авторлық құқыққа құрмет.
АКТ-ны қолдану дағдылары:	Қауіпсіздік бейнеролигі; ЖИ құралымен оқу тапсырмасы; нәтижені сенімді дереккөзбен тексеру. Құпия дерек енгізбеу.
Пәнаралық байланыс:	Информатика – технология; құқық – дербес дерек және авторлық құқық; қазақ тілі – сұраныс құрастыру; ағылшын тілі – терминдер.
Бастапқы білім:	Смартфон, компьютер, интернет және қосымшаларды қолданады; аккаунт пен пароль туралы біледі.

Сабақ барысы

Сабақ кезеңдері	**Жоспарланған іс-әрекет**	**Ресурстар**
Сабақтың басы (7 минут)	**1. Ұйымдастыру кезеңі (2 минут).** Оқытушы білім алушылармен амандасып, сабақтың тақырыбы мен мақсатын таныстырады. Проблемалық сұрақ: «Жасанды интеллект берген барлық ақпаратқа сенуге бола ма және интернетте өзімізді қалай қорғаймыз?» Білім алушылар өз пікірлерін қысқаша білдіреді. **2. «Қауіпсіз бе, қауіпті ме?» әдісі (5 минут).** Оқытушы интерактивті тақтада бірнеше жағдаят ұсынады: - Бейтаныс адамға аккаунт құпиясөзін жіберу. - Аккаунтқа екі факторлы аутентификация орнату. - ЖИ жүйесіне жеке сәйкестендіру нөмірін енгізу. - Күмәнді сілтемені ашпас бұрын оның мекенжайын тексеру. Білім алушылар әр әрекетті қауіпсіз немесе қауіпті деп бағалап, жауаптарын негіздейді. Оқытушы цифрлық қауіпсіздік пен жеке деректерді қорғаудың маңызын түсіндіреді.	презентация, интерактивті тақта, жағдаяттық карточкалар, LearningApps платформасы.

Сабақкезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың ортасы (25 минут)	**1. «Цифрлық қауіпсіздік детективі» әдісі (7 минут).** Оқытушы цифрлық сауаттылық, цифрлық із, жеке деректер, киберқауіпсіздік, жасанды интеллект, промпт және авторлық құқық ұғымдарын түсіндіреді. Жасанды интеллектінің мүмкіндіктері қарастырылады: мәтін құрастыру, ақпаратты құрылымдау, идея ұсыну, оқу тапсырмаларын әзірлеуге көмектесу. Шектеулері түсіндіріледі: қатенемесе ойдан шығарылған ақпарат ұсыну, біржақты жауап беру,дереккөздерді дұрыс көрсетпеу, жеке деректердің құпиялылығынақатысты тәуекелдер. Білім алушылар қауіпсіздік туралы қысқа бейнеүзіндіні көріп, цифрлық ортадағы үш негізгі қауіп пен олардан қорғану жолдарын анықтайды. **2. Жұптық жұмыс. «Промпт зертханасы» әдісі (8 минут).** Білім алушылар жұптарға бөлінеді. Әр жұпқа жасанды интеллектке арналған екі сұраныс ұсынылады: - «Маған интернет туралы айтып бер». - «8-сынып оқушысына арналған интернет қауіпсіздігінің бес негізгі ережесін қарапайым тілмен түсіндір және әрқайсысына мысал келтір». Білім алушылар сұраныстарды салыстырып, нақты промпт құрастырудың маңызын анықтайды. Жұптар өздерінің оқу тапсырмасына арналған промптын дайындап, мұғалім рұқсат еткен ЖИ құралында тексереді. Жеке деректерді, құпиясөздерді және өзге құпия ақпаратты енгізуге болмайтыны ескертіледі. Бағалау критерийлері: ЖИ мүмкіндігін түсіндіреді; нақты промпт құрастырады; қауіпсіз қолдану ережелерін сақтайды. **3. Топтық жұмыс. «ЖИ жауабын тексер» әдісі (10 минут).** Білім алушылар шағын топтарға бөлінеді. Әр топқа ЖИ көмегімен дайындалған ақпараттық мәтін ұсынылады. Тапсырма: 1. Мәтіндегі тексеруді қажет ететін негізгі тұжырымдарды анықтау. 2. Ақпаратты кемінде екі сенімді дереккөзбен салыстыру. 3. Қате, күмәнді немесе дәлелі жеткіліксіз мәліметтерді белгілеу. 4. Тексеру нәтижесіне сүйеніп, қорытынды жасау. Әр топ нәтижесін таныстырып, ЖИ ұсынған ақпаратты тексерудің қажеттілігін түсіндіреді. **Бағалау критерийлері:** сенімді дереккөздерді пайдаланады; ақпараттағы сәйкессіздіктерді анықтайды; қорытындысын дәлелдейді.	презентация, қауіпсіздік бейнеролигі, ChatGPT немесе басқа рұқсат етілген ЖИ құралы, компьютер, интернет, ақпаратты тексеру парағы, Google Docs
Сабақтың соңы (5 минут)	**«Цифрлық кодекс» әдісі.** Білім алушылар сабақ барысында меңгерген білімдерін жинақтап, «ЖИ мен интернетті қауіпсіз қолданудың бес ережесі» атты шағын цифрлық кодекс құрастырады. Кодексте жеке деректерді қорғау, ақпаратты тексеру, авторлық құқықты сақтау және ЖИ құралдарын жауапкершілікпен пайдалану мәселелері қамтылады. Білім алушылар өз ұсыныстарын таныстырады. Оқытушы цифрлық сауаттылықтың негізгі шарты технологияны қолдана білу ғана емес, оны қауіпсіз, саналы және жауапкершілікпен пайдалану екенін қорытындылайды.	презентация, Canva немесе Google Slides, интерактивті тақта.
Рефлексия (3 минут)	**«Цифрлық бағдаршам» әдісі (Wordwall платформасы).** Білім алушылар сабақтағы өз білімдері мен дағдыларын үш деңгей бойынша бағалайды: - Жасыл: цифрлық қауіпсіздік ережелерін білемін және ЖИ нәтижесін өз бетімше тексере аламын. - Сары: негізгі ережелерді түсіндім, бірақ ақпаратты тексеруде әлі де көмек қажет. - Қызыл: кейбір ұғымдар мен қауіпсіздік тәсілдерін қайта қарастыруым керек. Білім алушылар өз деңгейін таңдап, қысқаша түсініктеме береді. Оқытушы жауаптарды талдап, сабақ мақсатына қол жеткізу деңгейін анықтайды.	Wordwall платформасы, интерактивті тақта, смартфон немесе компьютер.